

**"Шет мемлекеттердің дипломатиялық почасын және дипломатиялық курьерлердің жеке заттарын Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізудің уақытша ережелері" туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 шілде 1993 ж. N 599. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Шет мемлекеттердің дипломатиялық почасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуге бақылау жасауды қамтамасыз ету, бұл жұмысты халықаралық нормаларға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шет мемлекеттердің дипломатиялық почасын және дипломатиялық курьерлердің жеке заттарын Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізудің уақытша ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы және Қазақ азаматтық авиация басқармасы Шет мемлекеттердің дипломатиялық почасын және дипломатиялық курьерлердің жеке заттарын Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізудің уақытша ережелеріндегі көзделген қағидалардың мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Алматы қаласында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы дипломатиялық постаны және дипломатиялық курьерлердің жеке заттарын өткізу ережелері туралы хабардар етсін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 13 шілдедегі  
N 599 қаулысымен

Бекітілген

Шет мемлекеттердің дипломатиялық почтасын және  
дипломатиялық курьерлердің жеке заттарын Қазақстан  
Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің  
Уақытша ережесі

1. Дипломатиялық пошта арқылы кедергісіз қарым-қатынас жасау құқығын  
мына төмендегілер пайдаланады: Қазақстан Республикасы дипломатиялық  
немесе консулдық қатынастар жасайтын мемлекеттердің сыртқы істер  
министрліктері (ведомстволары); осы мемлекеттердің Қазақстан  
Республикасының аумағындағы және үшінші елдердегі дипломатиялық және  
консулдық өкілдіктері; сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы  
халықаралық ұйымдар және шет мемлекеттердің осы ұйымдардағы өкілдіктері,  
егер бұл Қазақстан Республикасы бір жақ болып табылатын тиісті халықаралық  
келісімдерде көзделген болса, бұл орайда "дипломатиялық пошта" деген термин  
арқылы мұндай мекемелер мен ұйымдардың ресми корреспонденциясын, яғни  
оларға және олардың міндеттеріне қатысы бар бүкіл корреспонденцияны түсіну  
ке ре к .

Бұл құқық Қазақстан Республикасының дипломатиялық немесе консулдық  
қатынастары болмай отырған шет мемлекеттердің дипломатиялық почтасының,  
егер бұл мемлекеттер Қазақстан Республикасының дипломатиялық почтасының  
транзитіне кедергі келтірмейтін болса, Қазақстан Республикасының аумағы  
арқылы жүзеге асырылатын транзитіне қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін  
дипломатиялық поштаны ашуға да, бөгеуге де болмайды.

Дипломатиялық поштаны құрайтын барлық орындарда олардың сипатын  
білдіретін сыртқы таңбалары болуға тиіс және бұл орындарда тек ресми  
корреспонденция мен құжаттар немесе ресми пайдалануға арналған заттар ғана  
болады .

Дипломатиялық поштаның әрбір орнына сүргіштелген мөр басылуға немесе  
жолдаушының қорғасын мөрімен пломбалануға тиіс және "Expedition officielle"  
деген жазуы бар жапсырма қағазы болуға тиіс. Дипломатиялық поштаның  
салмағы 70 килограмнан аспауы керек. Транзиттік дипломатиялық поштаның  
салмағы шектелмейді .

3. Дипломатиялық курьер ресми құжатпен (курьерлік парапен)  
жабдықталып, бұл құжатта оның статусы және дипломатиялық поштаны  
құрайтын орындардың саны көрсетіледі. Уәкілдігі бар қызметкер қол қойған бұл  
құжат дипломатиялық поштаны жолдаушы мекеменің мөрімен расталады.

Оз міндеттерін атқару кезінде дипломатиялық курьердің жеке басына  
тиісушилікке жол берілмейді және оны қандай да бір формада қамауға немесе  
ұстауға болмайды. Дипломатиялық курьерлердің жеке заттары жеке қажеттілік

шенберінде кедендік тексерусіз откізіледі.

4. Дипломатиялық почтаны азаматтық ұшақтың әуежайға бара жатқан экипажының командиріне сеніп тапсыруға да болады. Бұл жағдайда командир дипломатиялық почтаны құрайтын орындардың саны көрсетілген ресми құжатпен (курьерлік парақпен) жабдықталады, бірақ дипломатиялық курсер болып есептелмейді. Өкілдік дипломатиялық почтаны ұшақ командирінен тікелей және кедергісіз қабылданап алуға өз қызметкерлерінің бірін жібере алады.

5. Дипломатиялық поча сондай-ақ ресми құжатпен жабдықталған (курьерлік парақпен) уақытша дипломатиялық курсерге - ad hoc сеніп тапсырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы Ережелердің, дипломатиялық курсерлердің өздерінің міндеттерін орындау кезінде пайдаланатын артықшылықтары мен иммунитеттерінің оған сеніп тапсырған дипломатиялық почтаны белгіленген жеріне жеткізген уақытта тоқтатылатынын қоспағанда, қағидалары қолданылады .

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан дипломатиялық почтаны өтетін дипломатиялық курсер немесе ұшақтың командирі кедендік мекемеге осы почтаға жазылған ресми құжатты (курьерлік парақты) көрсетеді.

Шетелдік дипломатиялық почтаға жазылған курсерлік парақта Қазақстан Республикасынан дипломатиялық почтаны алғып шығу кезінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Қазақстан Республикасына дипломатиялық почтаны алғып кірерде Қазақстан Республикасының дипломатиялық (консулдық) өкілдігінің визасы болуға тиіс.

Өзаралық негізде курсерлік парақтарға виза қою талап етілмейді. Курсерлік параққа виза қоймайтын елдердің тізімін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кедендік басқармасы кедендік мекемелерге хабарлайды.

7. Дипломатиялық (консулдық) өкілдіктің дипломатиялық почтаны қарсы алушы немесе шығарып салушы қызметкерлерінің бір күнтізбелік жыл бойында, көрсетушіге берілген, қолданыстағы тұрақты рұқсат қағазымен әуежайдың ұшу алаңына кіру хұқығы бар. Осы рұқсат қағазы әуежайдың бақылау-жіберу пунктінде өкілдік қызметкерінің дипломатиялық немесе қызмет карточкасымен бірге көрсеткенде жарамды болып табылады.

Алғып жүрген дипломатиялық почтаны алу немесе жіберу үшін тиісті ұшақ тұратын жеріне келген соң өкілдіктің дипломатиялық нөмірі бар машинасымен әуежайдың ұшу алаңына кіруге рұқсат беріледі.

Дипломатиялық (консулдық) өкілділіктерге белгіленген үлгідегі тұрақты рұқсаттамаларды ресімдеуді және беруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми жазбаша өтініміне орай шекара және кеден органдарымен келісім бойынша әуежайдың әкімшілігі жүргізеді.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2000.07.27. N 1132 қаулысымен**

8. Кедендік мекемелер дипломатиялық постаны тек сыртынан тексереді, сол процесс барысында оның дайындалуының осы Ережелерге сәйкестігі анықталады. Осы Ережелерді бұза отырып дайындалған жерлер дипломатиялық почта деп саналмайды.

9. Дипломатиялық курьерлер алып жүрмейтін дипломатиялық поча вализ-қапшықтарға немесе берік бұлғары немесе тоқыма материалдан жасалған сөмкелерге салынып, жіберушінің сүргіштік мөрі немесе пломба соғылған және "Expedition officielle" жазбасы және жіберуші мен алушының дәл мекен-жайы болуы тиіс. Вализа ілініп тұратын немесе ішкі құлыппен жабдықталуы мүмкін және әрбір вализаның салмағы 10 кг-нан аспауға тиіс.

Салмағы 10 кг-нан асатын дипломатиялық почтаны жіберу үшін жіберуші әуежайдың Халықаралық секторына күні бұрын өтініш жасайды.

Шетелге жіберілуге тиіс, курьерлер алып жүрмейтін, осы Ережелерге сәйкес дайындалған дипломатиялық почтаны жіберуші өуежайға З сағаттан кешіктірмей және дипломатиялық почта кететін ұшақтың ұшуына дейін бір тәуліктен ерте

Дипломатиялық өкілдіктің мекен-жайына түскен, курьерлер алып жүрген дипломатиялық пошта алушыға қажетті кедендік формалдылықтарды орындаған соң әуежайдың халықаралық қоймасы арқылы беріледі. -----

E c k e p t y .

Осы Ережелер Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы 1961 жылғы 18 сәуірдегі Вена конвенциясының негізінде жасалған.